

"Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 164 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 4 мамырда № 5583 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 248 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 03.05.2016 № 248 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

T. Исабаев

Әкімдіктің
2015 жылғы 10 сәуірдегі
№ 164 қаулысымен бекітілген

"Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы **ереже**

1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты"

мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды

8. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111119, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Шишкинское ауылы, Титова көшесі, 28.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық - құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етеді.

15. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылышын қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және елдегі әлеуметтік және экономикалық процестерді басқару;

3) занылдық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, азаматтардың құқықтық саналылығының деңгейін және олардың елдің қоғамдық-саяси өміріндегі белсенді азаматтық ұстанымдарын арттыру;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) ақпараттарды жинауды, өндеуді жүзеге асыру және ауылдық округ әкімін әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер бойынша ақпараттық-талдау материалдармен қамтамасыз ету;

2) Президент жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіру;

3) азаматтар мен занды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституациясының, зандарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

4) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету;

5) "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің орындаушылық тәртібінің жай-қүйіне талдау жүргізу;

6) "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жоспарлау, кеңестерді, семинарларды

құқықтық жалпы оқытуды және басқа да іс-шараларды өткізу;

7) ауылдық округ әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;

8) әкімнің, әкімі аппаратының қызметтерін құжаттамалық қамтамасыз етуді қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізуді жүзеге асыру;

9) азаматтарды жеке қабылдауды үйымдастыру;

10) азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдану;

11) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

12) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу;

13) өз құзыреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариалдық іс-эрекеттерді жүзеге асыру;

14) мемлекеттік қызметтер сапасын арттыруды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылау;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан, өзге де үйымдардан қажетті акпараттар, құжаттар және басқадай материалдар сұрату және алу;

2) тиісті аумақта басқарудың тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзге де мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық өзін-өзі басқару органдарымен және басқада үйымдармен өзара бірігіп жұмыс жасау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін үйымдастыру

18. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Шишкин ауылдық округ әкімі жүзеге асырады.

19. Ауылдық округінің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Ауылдық округінің әкімінің өкілеттігі:

1) "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда және басқа да үйымдарда ұсынады;

- 2) "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аппарат жұмысшыларын тағайындауды, лауазымнан босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;
 - 4) құзырет шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;
 - 5) өз құзыреті шегінде "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ақша қаражатына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;
 - 6) оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- Ауылдық округінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындауды.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

21. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Қостанай ауданының Шишкин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.